

Өскелең ұрпақ өкілдерінің өзекжарды лебізі

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауына орай Мемлекет басшысының атына жас ұрпақтан, студенттер қауымынан жылы лебізге толы хаттар келіп түсіп жатыр.

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттері:

“Меймандос қазақ халқының төл перзенті ретінде Сіз әрдайым тәуелсіз еліміздің саяси тұрақтылығының басты кепілі — ұлтаралық келісім мәселесіне айрықша көңіл бөліп келесіз. Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы рөлін нығайта түсу туралы айтылған Жолдау баптары бізді зор қуанышқа бөледі. Ынтымағы жарасқан 29 ұлт пен ұлыс өкілдері білім нәрімен сусындап жатқан біздің университетте де 2002 жылдан бері студенттердің Кіші ассамблеясы жемісті жұмыс істеуде.

Жолдауда Сіз еліміздің Үкіметіне “Үш-тұғырлы тіл” мәдени жобасын жүзеге асыруды жеделдету туралы тапсырма бердіңіз. Біздің пайымдауымызша, бұл — асқан парасатты-

лық, аса көрегендік. Өйткені, қазақ тілі — біздің қоғамымыздың бірлігін, топтасуын қамтамасыз ететін басты фактор. Конституциямызда айшықтап жазылғандай, мемлекеттік тіл — ол қазақ халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін менгерудің алтын кілті. Еліміз ТМД-ның белді мүшесі болғандықтан, орыс тілі — мемлекетаралық саяси-экономикалық қарым-қатынас тілі болып қала бермек. Ал ағылшын тіліне келер болсақ, оның орны да ерекше. Сіздің жүргізіп отырған салиқалы сыртқы саясатыңыздың нәтижесінде еліміз 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етпек. Осы орайда ағылшын тілінің қажеттілігі айтпаса да түсінікті.

Жолдаудағы демографиялық ахуалды тұрақтандыру жолындағы міндеттер, әсіресе, оралмандар квотасын 5000 отбасына беру туралы ше-

шімініз үшін Сізге бізден, студенттер тарапынан мың да бір алғыс. Сондай-ақ Сіздің бізге барлық күш-жігерлерін аямай білім, тәрбие беріп жүрген ұстаздарымызға жасамақ қамқорлығыңыз үшін де үлкен рахмет.

Аса қадірлі Нұрсұлтан аға, күш-жігерімізді тәуелсіз Қазақ елінің келешегі жарқын болып гүлденіп, өркендей беруі үшін жұмсауға Сізге уәде береміз”, — депті өз жеделхаттарында.

Ал Павлодар мемлекеттік университетінің студенті Т.Завалина өз жеделхатында:

“Бүгінде Қазақстанда жас ұрпаққа, әсіресе, “Болашақ” бағдарламасының түлектеріне үлкен сенім артылып отыр. Жас кәсіби мамандар елімізде болып жатқан үдерістерге құлшына кірісіп, жарқын болашақ құруда белсенділік танытулары қажет. Дарынды, күш-қайраты мол жас мамандарға қолдау көрсету арқылы біздің еліміз өзінің басты мақсаты — әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына қосылу мақсатына жетуіне мүмкіндігі мол. Өйткені, жастар — туған Отанымыз — Қазақстан Республикасының тұрақтылық пен өркендеу жолындағы дамуын жалғастыратын қуатты күш”, — деп шынайы тілегін жолдапты.